

Балықтарды қоса жануарлар әлемі ресурстарын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру Ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрінің 2002 жылғы 14 мамырдағы N 131-п бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2002 жылғы 11 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1875. Күші жойылды - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2004.06.30. N 190-п бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 қарашадағы N 1693 " Қазақстан Республикасы табиғи ресурстары және қоршаған ортаны қорғау Министрлігінің Ережелерін бекіту туралы" қаулысына сәйкес және балықтарды қоса жануарлар әлемі ресурстарын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында мемлекеттік бақылау міндеттерін қамтамасыз ету мақсатында
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған балықтарды қоса жануарлар әлемі ресурстарын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру Ережелері бекітілсін.

2. Қоршаған ортаны қорғау Бас мемлекеттік инспекциясы Департаментімен Табиғи ресурстары және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің аумақтық құрылымдары осы Ережелерді басшылыққа және орындауға алсын.

3. Орман, балық және аңшылық шаруашылығы Комитетінің 1999 жылғы 3 тамыздағы N 188 және Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 2000 жылғы 1 шілдедегі N 268-П, 2001 жылғы 6 желтоқсандағы N 346-П бұйрықтарының күші жойылсын.

4. Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді.

5. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау Қоршаған ортаны қорғау мемлекеттік Бас инспекциясының Департаментіне жүктелсін.

Министр

Жіберілсін: Іске, қоршаған ортаны қорғау Бас мемлекеттік инспекция Департаментіне, ұйымдастыру және кадрлар жұмысы басқармасына, орман, балық және аңшылық шаруашылығы Комитетіне, облыстық аумақтық жануарлар және өсімдіктер әлемін мемлекеттік бақылау басқармаларына, облыстық аумақтық орман және биоресурстар басқармаларына.

Қазақстан Республикасы
Табиғи ресурстар және қоршаған
ортаны қорғау министрінің
Бұйрығымен Бекітілген
14 мамыр 2002 ж.
N 131-п

БАЛЫҚТАРДЫ ҚОСА ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІ РЕСУРСТАРЫН ҚОРҒАУ, ӨСІМІН МОЛАЙТУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Ережелер Қазақстан Республикасының "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Z970160_ , "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Z970162_ , "Жануарлар әлемін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Z933300_ Заңдарына, 1999 жылдың 12 қазандағы N 1693 Р991693_ Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі туралы Ережеге, Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің қоршаған ортаны қорғау бас мемлекеттік инспекциясының Департаменті туралы және жануарлар мен өсімдіктер әлеміне мемлекеттік бақылау жасайтын облыстық аумақтық басқармалардың, биоресурстарды қорғау жөніндегі аумақтық мекемелердің Ережелеріне сәйкес әзірленген және балықтарды қоса жануарлар әлемі ресурстарын қорғау, өсімін молайту және пайдалануға мемлекет тарапынан бақылауды ұйымдастыру тәртібін анықтайды.

2. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің жүйесінде балықтарды қоса жануарлар әлемі ресурстарын қорғау, өндіру және қолдануға мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру, жоғарыда аталған актілерге сай табиғатты қорғау тәртібін сақтау бойынша қоршаған ортаны қорғау бас мемлекеттік инспекциясының Департаментінің орталық аппаратындағы, жануарлар мен өсімдіктер әлеміне мемлекет тарапынан бақылау жасайтын облыстық аймақтық басқармаларындағы және биоресурстарды қорғау бойынша аймақтық мекемелеріндегі, ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың мемлекеттік инспекторлары құзырлы болып табылады.

3. Жануарлар мен өсімдіктер әлеміне мемлекет тарапынан бақылау жасайтын облыстық аймақтық басқармалар және биоресурстарды қорғау бойынша аймақтық мекемелер барлық заңды және дара тұлғалардың балықтарды қоса өсімдіктер әлемі ресурстарын қорғау, өндіру және пайдалану белгіленген тәртіптің сақталуын тексеруді қамтамасыз етеді.

2. МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАРДЫ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ

4. Жануарлар мен өсімдіктер әлемі ресурстарын қорғауда қалыптасқан тәртіпті сақтауда заңды және дара тұлғаларды тексеру Басқармалықтардың жоспарлы жұмысы болып табылады және жылдық жоспар бойынша жүзеге асырылады, онда барлық немесе негізгі іс-әрекеттерді мақсаттық, сондай-ақ жүйелі тексерістер көзделеді.

Тексерудің кезектілігі жыл сайын. Шаруашылық етуші субъектілерді тексеру туралы актілер прокуратура органдарында тіркелуге тиіс.

5. Керек болған жағдайда кешенді тексеруге белгіленген тәртіпке сай ғылыми-зерттеу, жобалау-зерттеу және басқа да ұйымдардың мамандары т а р т ы л у ы м ү м к і н .

6. Мемлекеттік бақылаудың аумақтық ұйымдары мен биоресурстарды бақылау бойынша аймақтық мекемелердің жылдық жұмыс жоспарларын - Қоршаған ортаны қорғау Бас мемлекеттік инспекциясы Департаментінің директоры немесе директордың орынбасары бекітеді, мемлекеттік инспекторлардың жұмыс жоспарларын - олар жұмыс істейтін аумақтық басқарма және аумақтық мекемелер басшылары бекітеді.

7. Жоспарларда мыналар көрсетіледі:

- 1) мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру бойынша іс-шаралар атаулары;
- 2) тексеру жоспарлануға негіз болатын қаулы, бұйрық, немесе тағы да басқа қ а л ы п т ы қ ұ ж а т ;
- 3) тексерілетін ұйым, кәсіпорын, мекеме не басқа да объектінің атауы;
- 4) жоспарланған шараның орындалуына жауапты адам және оның орындалу м е р з і м і .

8. Мемлекеттік бақылауды өткізу бойынша шаралар жоспарда тексерілетін ұйымдар тәртібімен бөлек көрсетіледі.

9. Жұмыс жоспарында алдағы тексеру қорытындысы бойынша ұсынылған шаралардың орындалуын бақылау ескеріледі.

10. Балықтарды қоса өсімдіктер әлемі ресурстарын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында заңды сақтау бойынша табиғат байлығын қолданушыларды тексеру бағдарламасын жануарлар мен өсімдіктер әлеміне мемлекет тарапынан бақылау жасайтын облыстық аумақтық басқармалары және биоресурстарды қорғау бойынша аумақтық мекемелері Қоршаған ортаны қорғау Бас мемлекеттік инспекциясы Департаментімен келісе отырып әзірлейді және б е к і т е д і .

11. Бекітілген жоспар және инспекциялық тексеру ұйымының бағдарламасы тексерілетін шаруашылықты субъекті мен тиісті тексеруге тартылған басқа да бақылаушы және қадағалаушы мемлекеттік ұйымдарға тексеру белгіленген

мерзімнен 1 (бір) ай бұрын жеткізілуі тиіс.

12. Тексеруді басқарушы, немесе ол тағайындаған тексеретін ұйымның өкілі жүргізеді. Ұйым басқарушысы, немесе оның орнындағы адам барлық сұралған құжаттар мен материалдарды, сонымен қатар керек болған жағдайда орынға барып тексеру үшін көлік беруі тиіс.

13. Жеке жағдайларда тексеріс (лауазымды тұлға табиғат байлығын қорғау заңдылығын бұзды деген хабар түскен жағдайда) тексерілетін ұйымның басшысы алдын-ала ескертілмей жедел түрде жүргізілуі мүмкін. Бұндай жағдайда мемлекеттік инспектор қызметтік куәлігін және тексеру жүргізу туралы бұйрықтың көшірмесін көрсетуі керек.

14. Тексеру кезінде есептік құжаттар зерттеледі және орындағы объектілер қ а р а л а д ы .

15. Балықтарды қоса өсімдіктер әлемі ресурстарын қорғау, өсімін молайту және пайдалануға мемлекет тарапынан бақылауды жүргізген кезде қосымшаға сай тексерілуі тиіс Негізгі сұрақтар тізімін басшылыққа алған жөн.

16. Мемлекеттік бақылаудың тәртібінде жүргізілген жұмыс қорытындысы бойынша тексерілген орында 3 данада акті жасалады, онда бақылау сұрақтары бойынша тексерілген объектінің қызметіне сипаттама беріледі; туған немесе кемшіліктер әсерінен тууы мүмкін залалдар; бұған кінәлі адамдардың лауазымы, аты-жөндері; кемшіліктерді жою бойынша нақты шаралар анықталады, тексерілген ұйымның басшысына қол-хатпен кемшіліктер мен бұзушылықтарды жою туралы белгіленген қалыптағы нұсқама тапсырылады.

17. Актімен келіспеген жағдайда басшы өзінің ерекше пікірі жазылған қағазды бірге жібере алады .

18. Ерекше пікірдің болуы нұсқаманың берілуіне еш кедергі жасай алмайды: алдым деген белгісі бар бір данасы тексерілген ұйымда қалады, екіншісі - тексерілген ұйымнан жоғары ұйымға жіберіледі, үшіншісі - тексеру жүзеге асыратын ұйымға жіберіледі. Нұсқаманы орындалуы туралы мәліметті тексерілген кәсіпорын тексерген ұйымға жеткізуі тиіс.

19. Егер мемлекеттік бақылау кезінде табиғат байлығын қорғау заңдылығын бұзушылық анықталған болса мемлекеттік инспектор хаттама толтырады, және белгіленген тәртіпте әкімшілік істер қаралады.

20. Мемлекеттік бақылау ұйымдарымен жүргізілген тексерулер тексеру к і т а б ы н д а т і р к е л е д і .

21. Мемлекеттік бақылаудың жүзеге асқаны туралы деректер ведомстволық және статистикалық есеп беру нысандарында, сонымен бірге мемлекеттік бақылау ұйым қызметтері туралы есепке тіркелген түсініктеме қағазда көрсетілуі тиіс.

Балықтарды қоса жануарлар
әлемі ресурстарын қорғау, өндіру және
қолдануға мемлекеттік бақылауды
ұйымдастыру Ережелеріне
Қосымша

**БАЛЫҚТАРДЫ ҚОСА ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІ РЕСУРСТАРЫН ҚОРҒАУ,
Ө С І М І Н
МОЛАЙТУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК
БАҚЫЛАУДЫ
ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҮРГІЗГЕН КЕЗДЕ ТЕКСЕРІЛУІ ТИІС СҰРАҚТАР
ТІЗІМІ**

**1. ЖЕРДЕГІ ЖАБАЙЫ АҢДАРҒА
ӨНДІРІСТІК ҚОРҒАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

1. Аңдарды жинақталған және көбейетін жерлерінде қорғаудың әдістері (жұмыс жоспарларының және оперативті отрядтардың бекітілген рейдтік жол бағыттары, шығу жиілігі, арнайы техниканы қолдану).

2. Бұзушылықтар ашылды, ұйғарымдар берілді.

3. Айып салу және талап етілді.

4. Айып және талап етілген сома алынды.

5. Тәркіленген қарулары мен заңсыз тәркіленген өнімдердің алынуы.

6. Берілген ұйғарымдардың орындалуын тексеру.

7. Балықтарды қоса жануарлар әлемін қорғауды насихаттауды жүргізу (бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау, плакаттар).

2. ЖЕРДЕГІ ЖАБАЙЫ АҢДАРДЫ ӨНДІРУ

8. Жабайы аңдарды асырау және табиғатқа шығарудың жылдық және ұзақ мерзімді жоспарларының болуы және орындалуы.

9. Өсіп-өнетін жерлер және демалатын тыныштық аймағын құру.

10. Жабайы аңдарды қоректендіру.

11. Ұя салуға жарайтын жер аумағын көбейту.

12. Жабайы аңдарды климатқа үйрету және басқа климатқа үйрету.

13. Мал-дәрігерлік/алдын-алу және санитарлық-эпидемиологиялық жұмыстар.

14. Қасқырлар және қорқау қасқырлармен күрес.

Қорғау және биотехникалық іс-шаралардың әсерлігін бағалаудағы негізгі көрсеткіштері болып аңшылық алқаптардың биологиялық (аумақ бірлігіне шаққандағы барлық аң түрлерінің өсу саны) және тауарлық (өнімнің шығуы) өнімділігі табылады.

3. ЖЕРДЕГІ ЖАБАЙЫ АҢДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

15. Жабайы аңдардың санының ықшамды мөлшерін есепке ала отырып, жыл сайынғы жайылымдардың саны туралы деректер негізінде жабайы аңдарды аулауға шек қоюды анықтаудың дұрыстығы.

16. Жабайы аңдарды аулауға рұқсат берудің тәртібін сақтау.

17. Жабайы аңдарды аулауға берген шек қоядан асып кету немесе түгел қолданбау деректері.

18. Аңшыларда аңшылық билеттерінің және аңдарды аулауға және қару ұстауға рұқсаттарының болуы.

19. Аңшылардың кәсіпкершілігі.

20. Жануарлар әлемі байлығын пайдалану төлемдерінің алынуының белгіленген тәртібін сақтау.

21. Аңшылықтың бар түрімен аң аулағанын тіркейтін журналды бастау (аң аулағаны туралы күнделікті мәлімет).

22. Аңшылық шаруашылықтарында тексерілетіндер:

1) аңшылық жерлерінің бекітілуі туралы құжаттар (Әкімшілік шешімі, негізгі жер иелерінің келісімі, алқаптарды бекіту туралы келісім шарт, келісім шарт жүретін мезгіл, аңшылықтың, көрнекі құралдардың, мұражайлардың көп болуы);

2) аңшылық құрылымдар бойынша арнайы жобалардың болуы;

3) техникo-экономикалық негізделуі бар шаруашылықтың өркендеу-өсу жоспары;

4) шаруашылық территориясының картографиялық материалдары бар паспорт;

5) аңшылық қолданушының келісім шарттағы міндеттерін орындауы;

6) қорықшылар құрамының кәсіпкерлік дайындығы;

7) қорықшының күнделік және фенологиялық бақылау журналын жүргізуі, аңшылық шаруашылығын аралауы;

8) жабайы аңдардың санын есептеу (кестелер, есеп актілері, жануарлар саны туралы жинақ есебі, табиғаттан жабайы аңдарды алуда шек қоюдың дұрыс анықталғандығы, жабайы аңдардың өлімі).

23. "Аң аулау зоолог кәсібі" өндірістік бірлестігінде қосымша тексеріледі:

1) киіктердің топтап төлдейтін орындарын ұйымдастыру және өткізу;

2) аңшылық тәртібін сақтау (жолдық және бағыттық қағаздар, аңшылық билеттер, оқ-дәрілердің белгіленуі, қосымшалар).

24. Жабайы аңдарды, соның ішінде сирек және жоғалу қаупі бар аңдарды асырау және сатумен айналысатын зоопарк, питомник және басқа да зоологиялық коллекцияларды тексерген кезде қамаудағы аңдардың сатып алыну заңдылығына және күтілуіне, асыру және ұсталу жағдайларына, төлдерінің алыну және тіркелуіне, ен салынуына және сатылуына (ауыстырылуына) ерекше назар аударылуы керек.

25. Жабайы аңдарды өсірумен және олар өміріне қажет өнімдерді, соның ішінде жаңғақ өнімдерімен, қолданумен айналысатын ұйымдарды тексерген кезде мамандардың кәсіптік даярлығына, техника қауіпсіздігіне, жануарлардың күтілу және жұмсалыу жағдайларына, жануарлар өміріне қажет өнімдердің тіркелуі мен жұмсалыуына және де жануарлар әлемін қолдану ерекшелігімен байланысты арнайы сұрақтарға баса назар аударылуы тиіс.

4. БАЛЫҚ РЕСУРСТАРЫН ҚОРҒАУ

26. Балықшаруашылықты суаттар мен балық аулайтын жерлерді есептеу, олардың жұмыс істеуін бақылау (шекара белгілерінің, аншлагтардың болуы).

27. Балық ресурстарын қорғау бойынша құқық қорғау ұйымдары мен табиғат қорғау ұйымдармен бірлескен жұмыс жоспарларының болуы.

28. Балық қорларын қорғау қызметтерінің әдістері (балық ауланатын жерлерді бөлу және олардың қорғау қызметтерінде тіркелуі, дислокация, жүзу құралдарымен, байланыс құралдарымен, қарумен, жанар-жағар маймен қ а м с ы з д а н у ы) .

29. Аумақтық басқару ұйымдары балық ресурстарының қорғалуын жүйелі түрде тексерілуі, тексеру актілерінің болуы, олардың орындалуын бақылау.

30. Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау насихатын ұйымдастыру және жүргізу (бұқара ақпарат құралдарында сөз сөйлеу, плакаттар)

31. Балықшаруашылық суаттарының өнімділік күйі.

32. Браконьерлікпен күресудің әсерлігі.

33. Бұзушылықтар ашылды.

34. Айып және талап етілген сома алынды.

35. Заңсыз ауланған балық пен уылдырық пен аулау құралдарының алынуы.

36. Берілген ұйғарымдардың орындалуын тексеру.

37. Құқық қорғау ұйымдар және қоғамдық ұйымдармен жұмыс.

38. Ғылыми-зерттеу жұмыстарды ұйымдастыру.

5. БАЛЫҚ РЕСУРСТАРЫН ӨСПІ-ӨНДІРУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ

39. Қолданушылар көмегімен суаттардың экологиялық жағдайларын жақсартуға, балық және басқа да су жануарларының өміріне жағдай жасауға бағытталған балық, су-шаруашылық суландыру жұмыстарын жүргізу (суландыру жұмыстарын орындауға және қабылдауға арналған құжаттар).

40. Суаттарда балықтарды өсіп-өндіруге, балықтарды тарату және балықтандыру, бөлшектенген арықтар, күріш арықтарында және басқа да уақытша суаттардағы балық өскіндерін сақтау бойынша жұмыстарды жүргізу.

41. Балықтарды кәсіпкерлік аулауға және балықшаруашылық суаттарын бекітуге рұқсат беру тәртібі сақталу, құжаттардың дұрыс рәмізделінуі.

42. Жыл сайын жасалатын ғылыми-зерттеу жұмыстар, бақылаулық аулау

негізінде әр суат бойынша түрлік құрамы көрсетіліп, балық және басқа да су жануарларын аулауға шек қою және квота бойынша ұсыныстардың негізделуі.

43. Ғылыми-зерттеу мақсатында балық және басқа да су жануарларын аулаудың бекітілген мөлшері мен әдістерінің негізделуі.

44. Балық аулауға қойылған шекті игеру.

45. Табиғат байлығын қолданушы туралы деректер:

- 1) тұрақты мекен-жайы;
- 2) аулауға берілген билеттің болуы;
- 3) оның қолданылу мерзімі;
- 4) билетте көрсетілген балықшы санының нақты балық аулауда жүргендермен сәйкестігі;
- 5) балық аулайтын және малту құралдарымен қамсыздануы, олардың тіркелуі;

6) билетке тіркелген аулау құралдарының бөлімшедегі құралдармен сәйкестігі, оларға енгізілуі.

46. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 4 желтоқсандағы N 1480 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасында балық аулау және басқа да су жануарларын аулау ережелерінің" сақталуы.

47. Балық аулау журналының жүргізілуі.

48. Балық және басқа да су жануарларын аулағаны үшін алынатын төлемдерді алу.

49. Шетел туризмін қоса, спорттық және әуесқойлық балық аулауды реттеу, оның ұйымдастырылу формаларын өркендету.

50. Уылдырық-өсірілу шаруашылықтары (ҰӨШ), балықпитомниктері, тоған шаруашылықтарын тексерген кезде мыналарға назар аударыңыздар:

1) балық өскіндерін өсіру бойынша жоспардың (тапсырыстың) болуы және орындалуы (суаттарға шаққандағы, балықтар түріне қарай нақты түрде орындалуы);

2) тоғандардың саны және аумағы (өсіретін, оңалдырылтатын, қыстататын, аналық), олардың техникалық жағдайлары, топырақ түрі, өсу дәрежесі, арнайы құралдар мен техникалық жабдықтардың болуы, оның жағдайы, жанар-жағармаймен қамсыздануы;

3) балықтардың түрлік құрамы және олардың талаптағы көлем стандартына сай болуы, ауруларының бар-жоқтығы; сумен қамсыздандырылуы;

4) су жіберілу жағдайы, жемдері және олардың мөлшері.

51. Мемлекеттік бақылау тәртібінде жүргізілген тексерулер кезінде жануарлар әлемін қолданатындардың қызметімен байланысты басқа да сұрақтардың шешілуіне мүмкіндік бар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК